

Халықтан бағалы металдардан жасалған бұйымдар мен осындай бұйымдардың сынықтарын сатып алу пункттері жұмысының Ережесіне өзгерістер енгізу туралы

Бұйрық Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және Сауда Министрлігі 1995 жылғы 9 қазан N 201-п Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 7

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20-шілдедегі U952372_ "Бағалы металдар және тастармен байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" заңдық күші бар Жарлығына нормативтік актілерді сәйкес келтіру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. "Халықтан бағалы металдардан жасалған бұйымдардың сынықтарын сатып алу пункттері жұмысының Ережесіне" V940081_ мынадай өзгерістер енгізілсін:

1.1-тармақ. Бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықтан бағалы металдардан жасалған бұйымдарды және осындай бұйымдардың сынықтарын сатып алу пункттері меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына карамастан зергерлік бұйымдардың сатылуын жүзеге асырушы сауда кәсіпорындарында немесе жекелеген сатып алу пункттерінде ұйымдастырылады".

1.2-тармақ алынып тасталсын.

2. "Қазақзергер" республикалық бөлшек сауда кәсіпорнымен жергілікті жерлердегі сауда басқару органдары осы бұйрықты тиісті кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізетін б о л с ы н .

М и н и с т р